



Мектеп директоры
Қ.Р. Сапарғали

2023 жылдың «31» тамыздағы №1 Педагогикалық кеңестің
отырысында қабылданды

2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп және ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы ұсынған 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдары. Мектепалды даярлық сыныптарда және топтарда тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып құрастырылған

"Алматыкітап баспасы" баспасының оқулықтары бойынша 2018 ж.

№	*Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркемәдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		

	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8		-	20

Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары(3 сағат)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыбы	Міндеттері:	Сағат саны	Күні
1	Спортзал.	Допты алдыға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету. Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтап жүруді үйретуді жалғастыру. Жүгіру барысында қол мен аяқты үйлестіріп бір тізбекпен жүгіру және жүруге жаттықтыру. Бір орындарында бұрылып секіре білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, екі аяқтарымен серпіліп секіре білу дағдыларын дамыту. Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту және ұйымшылдыққа тәрбиелеу	1	01.09
2	Спортзалда ойнаймыз.	Орташа шапшаңдықпен жүгіруге және жүгіру барысында бірқалыпты тыныс алуға үйрету. Заттар арасымен екі аяқпен ирелендеп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен ширақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. 2 метр арақашықтықта жұп болып тұрып, бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. Бір бағытта лақтыра білу, лақтыру кезінде қолдарын ширақ түзете алу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу	1	04.09
3	Денсаулықтың құпиялары.	Допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүруге үйретуді жалғастыру. Қолдарын екі жаққа созып, басына қапшық қойып, бөрененің үстімен тепе- теңдік сақтап жүріп өту біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру. Баяу жылдамдықта қол мен аяқтың қимылын үйлестіре отырып жүгіруге жаттығу. Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу	1	06.09
4	Күлкі сыйла.	Қозғалыс барысында сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіруді жалғастыру, жұп болып жүру мен жүгіру кезінде өз қозғалыстарын келісіп жүруге үйрету. Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см). Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруге жаттықтыру, әр секіру фазасында қозғалыстарының үйлесімділігін қалыптастыру. Допты екі қолмен жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуға, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін саусақтарын бүгіп қағып алуға жаттықтыру. Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу. Мейірімділікке, әрқашанда көмекке дайын болуға, өзінің бойындағы теріс әдеттерден арыла білуге	1	08.09

		тәрбиелеу.		
5	Біз күшті және ержүректіміз.	а) Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. Заттар арасымен допты домалатып жүру барысында допты саусақ ұшымен жеңіл итеріп жүруге үйрету. Бір бүйірімен екі аяқпен арқаннан секіруге жаттықтыру және ширақ итерілу дағдыларын қалыптастыру. Дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдіктерін сақтап, орындық үстімен жүруді бекіту. Бұлшық ет корсеті мен омыртқаның иілімділігін қалыптастыруға мүмкіндік жасау; стретчинг – омыртқаның қисаюның алдын алу. Салауатты өмір салтын сақтауға баулу	1	11.09
6	Мен ойнағанды жақсы көремін.	Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып еңбектеуді жетілдіру, орындық үстіндегі қимыл-қозғалыс жасай білу дағдыларын дамыту. Басына қапшық қойып, арқан үстімен бір бүйірімен динамикалық тепе- теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру. Кеңістікте бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту, қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	13.09
7	Керуен (таза ауада)	Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. Бір аяқпен әртүрлі бағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру. «Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту. Ептілік, көзбен мөлшерлей алу, қолайсыз жағдайларда (айғай-шу) назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамыту. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу.	1	15.09
8	Бадминтон, футбол.	Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау, күнделікті қимыл-қозғалыстың қажеттігін қалыптастыру. Балаларды бадминтон ойынымен таныстыру, қимыл-қозғалыс дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету, қимыл түзетуін күшейту. Алшақ, қысқа адымдап жүгіруге, жүгіріс кезінде қол мен аяқтарының қимылын үйлестіре білуге жаттығу. Кеңістікті бағдарлауды, төзімділікті, реакция шапшаңдығын, көз мөлшері мен спорттық жабдықтарды қолданғанда зейінін шоғырландыра білуді дамыту. Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.	1	18.09
9	Күзгі орманда.	Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету; 2 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын) бекіту, доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп қағып алуға үйрету. Модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыруды жалғастыру. Ептілік, көзбен мөлшерлей алу, ерекше заттармен (құралдармен) орындалатын жаттығуларда назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Қозғалыс мәнерлілігін, ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.	1	20.09

10-11	Ұлттық ойындар (таза ауада)	Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. Бір аяқпен әртүрлі бағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру. «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту. Ептілік, көзбен мөлшерлей алу, қолайсыз жағдайларда (айғай-шу) назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамыту. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу.	2	22-25.09
12	Қалай спортшы болуға болады?	Екпінмен жүгіріп келіп, 25 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен қолды сермеу қимыл- қозғалыстарын жетілдіру. Үзіліссіз баяу жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді жетілдіру. Сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүруге жаттықтыру. Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге деген жақсы әдеттерін тәрбиелеу.	1	27.09
13	Менің сүйікті жануарларым.	Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету (аса жоғары емес). Аяқтарын бүгіп, екі аяқ ұшымен еденнен (жерден) итеріле білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Әртүрлі бағыт және қырқынмен қолды қадамдарымен үйлестіре қозғап жүгірулерін жетілдіру. Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап еңбектеуге жаттықтыруды жалғастыру; талдап ойлау, қабылдау, үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамыту. Экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу	1	29.09
14	Дене қабілеттерін дамыту.	Беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімі ақауларының алдын алу. Бір-бірден тізбекпен жүгіру кезінде аяқтары мен қолдарының қимылын үйлестіруге жаттығу. Жүгіріп келіп, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп екпінмен биіктікке секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау, күштілікті дамыту. Спортқа құлшынысын жалғастыру. Ұйымшылдыққа, өз бетімен әрекет ете алуға тәрбиелеу.	1	02.10
15-16	Доппен ойнап, көңіліңді көтер!	Допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды үйретуді жалғастыру, саусақтарды ашып, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруге жаттықтыруды жалғастыру, кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыруды жалғастыру. Қол мен аяқты үйлесімді қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, қол бұлшық еттерін, шыдамдылық пен ептіліктерін дамыту. Көздің көру қабілетінің бұзылуының алдын алу. Өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, өзін қоғам мен балалар ұжымының маңызды бір бөлігі екенін сезіндіру.	2	04.10
17	Біз әр түрліміз.	Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту. Саусақтарымен допты ширақ домалату шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуге жаттықтыруларын жалғастыру, қолдарын ширақ бүгіп, денесімен тартылу, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын және қол бұлшық еттерін дамыту. Бір-бірімен жылы қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу	1	06.10

18-19	Зейінді боламыз.	Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру. Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Педагогтің түсіндірмесін зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін мұқият қарап, еске сақтап алу қабілеттерін дамыту. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелеу.	2	09-11.10
20	Бірінші бол!	Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту. Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жалғастыру. Биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Көшбасшы болуға, өзін-өзі бағалай білуге тәрбиелеу	1	13.10
21-22	Командалық эстафеталар(таза ауада)	Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Ептілікті, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп секіруді, күштілікті дамыту. Жаттығуларды уақытқа сыдырып, кеңістікті дұрыс болжай отырып, дұрыс әрі тиімді орындай білуді жалғастыру. Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу.	2	16-18.10
23	Ерекше сабақтар.	Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту. Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жетілдіру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Коммуникативті құзыреттіліктерін, ептілік және шапшаңдықтарын дамыту. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту.	1	20.10
24-25	Акробат болғым келеді.	Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру. Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруді үйретуді жалғастыру, табандарын иіп, жерге түскен кезде тепе-теңдік сақтай білу және көзбен мөлшерлей білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүруге жаттықтыру, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін жетілдіру. Гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойып жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік,	2	23-25.10

		жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру.		
26-27	Ақылдылар.	Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру. Еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүруге жаттықтыру, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін жетілдіру. Сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұруға жаттықтыру. Заттардың арасымен фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Ұжымшылдыққа, қыздарды сыйлауға тәрбиелеу	2	27.10-06.11
28	Бізбен бірге және бізден артық орында.	Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен секіруге жаттықтыру. Күш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. Ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындауға және мейірімділік пен тәртіптілікке тәрбиелеу	1	08.11
29	Біз – болашақ әскерміз!	Өртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру. Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу	1	10.11
30	Біздің стадион.	Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. ә) Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізуді бекіту. Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеуді жаттықтыруды жалғастыру. Шапшандық секілді дене сапасын дамыту және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білулерін дамыту. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, азаматтық қасиеттерін тәрбиелеу	1	13.11
31	Менің отбасым.	Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту. Өртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Сапқа қайта тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру. Биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруге жаттықтыру. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелеу.	1	15.11

		Бойларындағы қасиеттерін өздері жетілдіруге деген талпыныстарын дамыту		
32	Менің үйім	Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Өртүрлі жүгіру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Залдың ортасы арқылы сапқа қайта тұру дағдыларын жетілдіру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру дағдыларын бекіту. Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан таяқтардан бір бүйірмен секіруге жаттықтыру, санақ бойынша табандарын ширақ иіп, серпілу дағдыларын қалыптастыру. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелеу. Отбасына, өзіне деген жылы қарым-қатынасқа тәрбиелеу	1	17.11
33	Күшті, батыл және үлкен боламын!	Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Шұңқырға секіру жаттығуларын орындату: орындықтан аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. Өзінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшандық секілді дене сапаларын дамыту	1	20.11
34	Командалық қимылқозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру (таза ауада)	Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруге жаттығу. Өртүрлі бастапқы қалыптан бір орында тұрып қолдардың қимылдарымен үйлестіріп секіруді, секіргенде бірқалыпты, аздап тізені бүге орындауды бекіту. б) Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге тәрбиелеу	1	22.11
35	Мерген болғым келеді	Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Жүгіру барысында қолдары мен иықтарын бос ұстап жүгіруге баулу. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап және әдемі жүруді бекіту. Қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, мейірімді, тез тіл табысқыш болуға тәрбиелеу.	1	24.11
36-37	Әкем, анам және мен! .	Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру және теріс қарап, тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру. ә) Бір-бірінен 1 м	2	27-29.11

		арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды саусақтарымен домалатып алып жүруді бекіту. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. б) Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту.		
38	Отбасымызбен бірге жаттығамыз	Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. б) Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. Отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтына баулу.	1	01.12
39	Отбасылық альбом	Допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. ә) Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. Жиырылған бұлшық еттерін босаңсыту мен психологиялық көңіл күйлерін көтере білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа, жинақы, тәртіпті болуға және алға ұмтылуға тәрбиелеу.	1	04.12
40	Хоккей ойнап үйренеміз(таза ауада)	Балаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету. Жұппен қозғалу, қозғалыс кезінде аяқ-қолдың қимылдарын үйлестіруге, жұмсалатын күш-қуатты дұрыс мөлшерлеу, бөлуді үйрету. Қозғалыстағы тапқырлық, көзмөлшері, спорттық жабдықтарды қолдануда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруды дамыта түсу. Интеллектуалдық және математикалық мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасау. Спортқа қызығушылығын қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу	1	06.12
41	Тату-тәтті баламыз!»	Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Өз пікірін айтып, оның дұрыстығын дәлелдей білу және пікірінің бұрыстығын мойындай білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру	1	08.12
42-43	Менің көңілді добым	Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Екі тізенің ортасына допты қысып, екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Қолға допты ұстап, арқанның астымен түрлі тәсілдермен өтуге жаттықтыру. Төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.	2	11- 13.12

		Команда болып тапсырмаларды орындауға баулу, мейірімділікке тәрбиелеу.		
44	Аулада ойнайтын ойындар» (таза ауада).	Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру. Айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту. Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру. Баланың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру және адамгершілікке тәрбиелеу. Ұлттық ойындарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, төзімділік, күш, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту	1	15.12
45	Асықпен ойналатын ойындар»	Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Асықпен орындалатын ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	20.12
46-47	Хоккей ойнаймыз!» (таза ауада)	Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. Жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру. Қимыл қозғалыс тапқырлығын, көзмөлшері мен спорттық құрал-жабдықтарын қолданғанда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын жалғастыру.	2	22- 25.12
48	Керуен	3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. Өртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. Өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын ояту.	1	27.12
49-50	Наурызым қорығы»	Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту. 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандан еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Із салынған суреттің үстін басып жүруге жаттықтыруды жалғастыру. Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру. Баланың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру және адамгершілікке, экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу.	2	29.12-08.01
51	Ержүрек құмырсқалар	Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен	1	10.01

		өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіруді жалғастыру, жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру.)Бір-біріне көмекке келуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу		
52-53	Мультфильмдер әлемі	Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап) Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту. Зейіндерін, ақыл-ойларын және тапсырманы өз бетімен орындай алу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.	2	12- 15.01
54	Шаңғымен жүру» (таза ауада)	Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету. Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдығын дамыту. Спортпен шұғылдануға қызығушылығын қалыптастыру, қойған мақсатына жете білу мен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту, күнделікті қимыл қозғалыс қажеттілігін, салауатты өмір салтында қимыл-қозғалыстың маңызын саналы түсінуін қалыптастыру	1	17.01
55	Біздің айналамыздағы әлем	Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру Тартылып қойылған 5 жіп арқылы кезекпен секірулерін бекіту: екі аяқпен итеріліп, жерге аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табанмен түзу тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.	1	19.01
56	Африкаға саяхат	Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру. Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Допты саусақтарымен (төменнен-жоғарыға) итеру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Білек пен тізелерімен таянып еңбектеу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін	1	22.01

		толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.		
57	Құрлықтар бойынша саяхат	Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеуді бекіту. Ойын жаттығулары арқылы қимыл- қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу	1	24 .01
58	Байқоңыр	Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Шапшаңдық, ептілік сияқты дене сапаларын, зейіндерін дамыту. Өз күшіне сенімділіктерін, тәртіптіліктерін тәрбиелеу	1	26 .01
59	«Шаңғымен жүру» (таза ауада)	Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғи білуді жалғастыру. Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдығын дамыту. Спортпен шұғылдануға қызығушылығын қалыптастыру, қойған мақсатына жете білу мен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. б) Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту, күнделікті қимыл қозғалыс қажеттілігін, салауатты өмір салтында қимыл-қозғалыстың маңызын саналы түсінуін қалыптастыру	1	29.01
60	Ғарышқа саяхат	Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру. Жүріп келе жатып биіктігі 20 см әртүрлі 6 заттан рет-ретімен секіріп өтуді, шапшаң сермеп лақтыру, секіргенде жартылай бүгілген аяқпен жұмсақ түсуді бекіту. Модульдерден асып шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу. Балалардың байқағыштығын, қиялын, үйлесімді қимылдау қабілеттерін, жалпы төзімділігі мен икемділігін, буындарының майысқақтығын дамыту. Өзіне, өзгелерге, қоршаған ортаға деген қамқорлық, батылдық пен тәртіптілік туралы түсініктерін кеңейту	1	31.01
61	«Жыл мезгілдеріне саяхат» (таза ауада)	Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау. Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Қолды жоғары, алға белсенді шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы сермеп лақтыруға дағдыландыру. Жалғыз аяқпен секіріп, екінші аяқпен допты теуіп жүргізуді, табанның алдыңғы жағына күш	1	02.02

		салып серпіліп көтеріле білуді жалғастыру. Қысқа секіртпеден секіру дағдыларын бекіту. Қол білезігінің айналып қозғалуын және аяқты тігінен қозғалтуды дамыту. Түрлі заттардың арасынан кедергілер арқылы өтіп, жүгіруді дамыту. Жүгірудегі адымды талдау, дифференциялауды қалыптастыру. Ептілік, күштілік, төзімділік, зейінді шоғырландыру дағдыларын дамыту. Патриоттық, қоршаған ортаға деген қамқорлық пен өзін сыйлап қорғауға баулу		
62	Жігіттер сайысы	Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту. Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону дағдыларын жалғастыру. Ептілік, күш, төзімділік, көпшілдік қасиеттерін дамыту. б) Өз халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Қозғалыс тәжірибесін эстафеталардың ережелерін сақтай отырып орындауда қолдана білуге баулу	1	12.02
63	Ұлы есімдер	Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту. ә) Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту. Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып екпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту. б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.	1	14.02
64	Желаяқтар	Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту. Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту. Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып екпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту. Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.	1	16.02
65	Батырлар (таза ауада)	(айналмалы жаттығуларды қолдану). Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену. ә) Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру. «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу. Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу. Гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру. Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.	1	19.02
66	Мерген	Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру. Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі	1	21.02

		қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру. Жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананың ішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру. ә) Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.		
67	Аңшылар	Түрлі жағдайларда балалардың білім-біліктерін саналы пайдалана алуына ықпал ету. Жерге жорғалаудағы қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Тізені жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттығу. ә) Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу	1	23.02
68	Қыстаудағы ойындар	Баланың қимыл жүйесінің жаттыққандығын қимылын түзете отырып жақсарту, психо-физиологиялық және жеке қасиеттерін жалғастыру. ә) Қатар-қатар 20-30-40 см көтеріліп қойылған сырықтардан бауырымен жорғалап өтуде ең ыңғайлы тәсілдерді тауып қолдануға баулу. Сырықтан жалғыз аяқпен секіріп өткенде табанмен емес, аяқтың ұшымен итеріліп, жұмсақ қонуға ұмтылту. Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күш пен төзімділікке, көпшілдікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдануға баулу. Қоршаған ортаға деген қамқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу	1	26.02
69	Желді қуып жет!» (таза ауада	Құбылмалы жағдайларға байланысты әрекет етуде түрлі тактикаларды қолданып, қимыл еркіндігінің деңгейін арттыру. Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру. Бұлшық еттің үйлесімді жұмысы үшін сәйкес рефлексдерді қалыптастыруға арналған жаттығуларды қолдану біліктілігін бекіту. Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, ептілік, реакция шапшаңдығын дамыту	1	28.02
70	Жайлаудағы ойындар	40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету. ә) Фитболды түрлі бағыттарды алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей итеріп жүргізу, ұсақ моториканы, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге дағдылануға жаттықтыру. б) Табиғатқа, қоршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүйеге баулу	1	01.03
71	Арқанмен ойнау шынықтырады	Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру. Белгілі бір деңгейге көтерілген арқандардың астынан өту мен арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижелерге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге, арқанмен орындалатын әрекет түрлерін тез ауыстырып, қиындықсыз бір әрекеттен екінші әрекетке кірісіп кете алуға үйрену.	1	04.03

		ә) Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей серпіп жүргізуге, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру. Аналитикалық ойлауын, қимыл дағдыларын қолдана білуін, ептілік пен күштілігін, төзімділігін дамыту. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүйеге баулу.		
72	Өз бетімізбен жаттығамыз	Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру. ә) Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіруді жалғастыру, көлбеу тақтаймен жүріп жаттығу, статикалық қалыпты, дене түзулігін ұстап тұру қабілетін жетілдіру. Қозғалу және естіп есте сақтауды қалыптастыруды жалғастыру. Сенсомоторлық үйлесімділікті дамыту. б) Өзін-өзі басқару, ұстамдылық, төзімділікке тәрбиелеу.	1	06.03
73	Жан-жағыңа жылулық сыйла!»	Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету. ә) Кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуді жалғастыру. б) Ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту. Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке тәрбиелеу.	1	11.03
74	Мұздағы ойын	Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру. Жағдайдың өзгеруіне қарай бағытты өзгерте алуды жалғастыру. Көзмөлшерін, заттарды имек ағашпен алып жүргенде зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын, шайбаны соғу дағдыларын дамыту. Кеңістікті бағдарлай білу, төзімділігін, реакция шапшаңдығын дамыту. Балаларды алған білім біліктерін алдыңғы өмірде қолдану мен салауатты өмір салтына баулу. б) Кеңістікті, ресурстарды бөлісіп пайдалануда өзінің де, өзгенің де көзқарасы мен қажеттіліктерін түсіне білу, құрметтеуге тәрбиелеу	1	13.03
75	Спорт түрлері	Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру. Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғын орындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту. б) Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке тәрбиелеу.	1	15.03

76	Жаттығу – жеңіс кепілі!». Айналымалы жаттығулар	Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналымалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу. ә) Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналымалы жаттығу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу және бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру. Секіртпемен секіру, қолдың басын айналымалы жаттығу. Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке, тәрбиелеу	1	18.03
77	«Стадион» (таза ауада)	Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналымалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу. Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін ұштау. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналымалы жаттығу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру. Секіртпемен секіру, қолдың басын айналымалы жаттығу. Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке, тәрбиелеу.	1	20.03
78	«Бір, екі, үш, балалар алды күш!»	Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын спорттық ойындар арқылы дамыту. Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу. ә) Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді; шеңбер бойымен футбол добын бір-біріне екі аяқпен кезек-кезек домалатуды үйрене түсу. Үлкен адымдармен неғұрлым аз аттап, жерден итеріле отырып, 10 метр жүгіру, шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстап тұрып асылу, «денсаулық» дискісінде денені айналымалы жаттығу. б) Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру.	1	01.04
79	«Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары» (таза ауада)	Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру. Жағдайдың өзгеруіне қарай бағытты өзгерте алуы жалғастыру. Рөлдік әрекеттерді ұлттық ойын мәнмәтініндегі әрекеттермен орындай алуын бекіту. Ойын ережелеріне сай тізбекке, шеңберге, қатарға тұру дағдыларын жалғастыру. Ұлттық ойындарға қызығушылығын қалыптастыру, әр ұлт дәстүрлеріне деген құрмет пен толеранттыққа тәрбиелеу	1	03.04
80	Волейболшының жаттығуы	Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Табан мен алақанға тіреніп, екі	1	05.04

		тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта сап түзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту. Жинақылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу		
37-38	Дыбыстық талдау. [н]	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу	2	04.12-06.12
39-40	Дыбыстық талдау.[н],[л]	Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.	2	08.12-11.12
41-42	Дыбыстық талдау. [о]	Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту.«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту.Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	2	13.12-15.12
43	Дыбыстық талдау. [с]	Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1	20.12-22.12
44	Дыбыстық талдау. [л]	Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1	25.12
45-46	Сөздерді буынға бөлеміз.	Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету.Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.	2	27.12-29.12
47-48	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.	Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. Білімпаз болуға тәрбиелеу.	2	08.01-10.01
49	Дыбыстың сөздегі орны[т]	Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету.Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	12.01

50	Ойнай отырып оқимыз [к]	Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.	1	15.01
51	Біз нені үйрендік,нені білдік?	Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру.Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	17.01
52-53	Дыбыстық талдау	Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту.Дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.	2	19.01-22.01
54	Дыбыстық талдау [ү]	Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.	1	24.01
55	Дыбыстық талдау	Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	26.01
56	Дыбыстық талдау [р]	Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру.Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	29.01
57	Сөйлем	Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.	1	31.01
58-59	Сөйлем сызбасы	Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету.Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту.Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу	2	02.02-05.02
60	Сөйлем құрау	Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту.Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру.Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	07.02
61	Ойнай отырып оқимыз	Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.Сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту.Көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	09.02
62	Дыбыстық талдау	Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу	1	12.02
63-64	Дыбыстық талдау [р]	Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту.	2	14.02-16.02

		Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.		
65	Біз нені үйрендік,нені білдік? [ч]	Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру. Қайырымды болуға тәрбиелеу.	1	19.02
66	Біз сөйлем құрай аламыз.	Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру.Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу.	1	21.02
67	Біз нені үйрендік,нені білдік? [ө]	Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қайырымдылық, қамқорлық сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы еңбек етуге тәрбиелеу.	1	23.02
68	Дыбыстық талдау [ұ]	Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту. Графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту.Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	26.02
69-70	Дыбыстық талдау	Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	2	28.02-01.03
71	Дыбыстық талдау	Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту.Ұйымшыл болуға тәрбиелеу.	1	04.03
72	Сөздің дыбыстық сызбасы	Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.	1	06.03
73	Біз нені үйрендік? [к]	Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. Штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	11.03
74	Дыбыстық талдау	Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру. Үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.	1	13.03
75	Ойнай отырып оқимыз	Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	15.03
76-77	Дыбыстық талдау	Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Өрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.	2	18.03-20.03
78	Біз нені үйрендік?	Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру. Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	01.04

79	Біз нені үйрендік? [ш]	Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу.	1	03.04
80-81	Дыбыстық талдау	Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру. Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу	2	05.04-08.04
82	Сөйлем құрай білеміз	Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу	1	10.04
83	Біз нені білдік? [й]	Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру. Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту. Өнерлі болуға тәрбиелеу.	1	12.04
84	Біз нені үйрендік,нені білдік?	Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.	2	15.04-17.04
85-86	Біз нені үйрендік,нені білдік?	Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру.Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.	2	19.04-22.04
87	Дыбыстық талдау	Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту. Дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту. Спортпен айналысу адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұғындыру.	1	24.04
88-89	Біз нені үйрендік?	Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту. Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту. Тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамақтанудың пайдасын ұғындыру.	2	26.04-29.04
90-91	Біз нені үйрендік?	Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту. Спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	2	03.05-06.05
92-93	Біз не білеміз?	Сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Балаларға тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу.	2	08.05-10.05
94-95	Үйренгендерімізді қайталаймыз.	Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту. Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар	2	13.05-15.05

		жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.		
96-97	Біз нені үйрендік,нені білдік?	Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту.Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу.	2	17.05-20.05
98	Біз нені үйрендік?	Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру. Сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту. Нүктелердің үстімен суретті бастыру жұмысы арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.	1	22.05
99	Біз нені үйрендік,нені білдік?	Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.	1	24.05

Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары (2 сағат)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыбы	Міндеттері:	Сағат саны	Күні
1	Мектептегі алғашқы күн.	Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой қиялдарын дамыту. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	05.09
2	Менің досым	Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту. Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу.	1	07.09
3	Менің сүйікті ойыншығым	Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.	1	12.09
4	Күз бояуы	Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу	1	14.09
5	Менің атам	Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	2	19-21.09
6	Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)	Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.	2	26-28.09
7	Отбасының күзгі еңбегі	. Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу. Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.	3	03-05-10.10
8	Күзгі жапырақтар	Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбек сүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.	2	12-17.10
9	Шаштараз	Өлеңді жаттату; Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2	19-24.10
10	Ең тәтті дүние	Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту. Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту. Хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.	2	26.10-07.11

11	Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)	Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.	2	09-14.11
12	Қысқа дайындық (ертегі)	Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету.Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту.Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	3	16-21-23.11
13	Алғашқы қар	Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту.Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	2	28-30.11
14	Менің Отаным	Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету.Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту.Туған өлке, Отанды сүйуге баулу.	2	05-07.12
15	Қыс	Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту Еңбек қорлыққа тәрбиелеу	2	12-14.12
16	Ажарлы қыс.	«Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	2	19 -21.12
17	Біз де ойнаймыз.	Әңгімемен таныстырып мазмұнын айтуға үйрету. Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін Туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.	2	26- 28.12
18	«Ақсақ құлан» аңызы.	«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету Балалардың тілдік қорларын байыту аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту Хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу.	1	09.01
19	Су торғайы.	Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.	2	11- 16.01
20	Қыс қызықтары.	Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту.Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	2	18- 23.01
21	Қантар.	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел,жаңылтпашты қайталату, сөздік қорларын дамыту.	2	25- 30.01
22	Кеме (өлең)	Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.Есте сақтау, танымдық қабілеттерін байқағыштығын дамыту. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	2	01-13.02
23	Кім ақылды? (әңгіме)	Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	2	15-20.02
24	Мамандықтың бәрі жақсы.	Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу	2	22- 27.02

25	Менің анам.	Ана туралы өз ойларын айтқызу.Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту.Ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.	2	29.02-05.03
26	«Күшік пен мысық» ертегісі.	Көркем шығармаларды сахналауға үйрету.Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	2	07- 12.03
27	Наурыз –көктем мерекесі.	Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	2	14-19.03
28	«Қасқыр мен түлкі»ертегісі.	Балаларды ұқыптылыққа, батылдылық қатәрбиелеу.	2	26-28.03
29	«Қасқыр мен түлкі»	Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету.Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздікқорларын	2	02-04.04
30	Жайлауда.	Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру.Балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	2	09-11.04
31	Мен ғарышкер боламын.	Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру,тілдерін дамыту.Еңбек қорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу.	2	16-18.04
32	Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш.	«Өрмекші, құмырсқа жәнеқарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету.Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялындамыту.Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	2	23-25.04
33	Маңдай тер.	Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау. Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету. Үлкендерді сыйлауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	2	30.04-02.05
34	Күн, Ай және Қораз.	Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.Сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру.Достықты бағалай білуге тәрбиелеу.	2	07-09.05
35	«Түлкі мен Қоян» ертегісі.	Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.Балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу	2	14-16.05
36	Жаздың кезі көңілді	«Жаздың кезі көңілді»тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. Сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру.Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.	2	21-23.05

Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары (2 сағат)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыбы	Міндеттері:	Сағат саны	Күні
1	Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады?	Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру. Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту. Балаларды заттардың түрлерін сипаттауға, оларды қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	1	05.09
2	Бізді не қоршап тұр?	Өзіндік тәжірибеалдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу.	1	07.09
3	Табиғатта не өзгерді?	Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау. Табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.	1	12.09
4	Нан қайдан келеді?	Танымдық-ізденістік жұмыстарға деген талпынысын күшейту. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету.	1	14.09
5	Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?	Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту. Табиғатты аялай білуге баулу	1	19.09
6	Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері	Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсінік беру; осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер, күн мен түннің ұзақтығы туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу	1	21.09
7	Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды	Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру	1	26.09
8	Ағаш және бұта	Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. Жақын маңда орналасқан ағаштар, бұталар мен шөптер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. Табиғатқа	1	28.09

		қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.		
9	Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?	Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру.Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлемін сүюге баулу.	1	03.10
10-11	Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?	Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.	2	05-10.10
12	Жыл құстары	Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту. Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.	1	12.10
13	Менің Отаным – Қазақстан.	Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу. Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру, зейіндерін дамыту. Туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу.	1	17.10
14-15	Аңдар қысқа қалай дайындалады?	Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру. Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету. Логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу	2	19-24.10
16	Терезе алдында не өсіп тұр?	Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. б) Зерттеушілік мінез-құлық пен жаңаны танысам деген құлшынысын дамыту	1	26.10
17	Тұқымнан не өсіп шығады	Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету	1	07.11
18-19	Су – тіршілік көзі	Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы түсініктерін нақтылау; судың қасиеттерімен таныстыру. Танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту. Суды үнемдеуге тәрбиелеу; топта жұмыс істей білуге, ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру.	2	09-14.11
20	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыруӘр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын тудыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу	1	16.11
21	Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?	Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. Топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы	1	21.11

		серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту. Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сүюге баулу.		
22-23	Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе?	Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру. Өз нысанын суреттеу қабілеттерін; зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу	2	23-28.11
24	Аквариумда не тіршілік етеді?	Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен еркін араласу үдерісі арқылы олардың танымдық-зерттеушілік қызметпен айналысуына жағдай жасау. Балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға үйрету.	1	30.11
25	Жас экологтер	Проблемалық жағдайларды шешуді үйрену. Жанды организмнің қоршаған ортамен байланысы туралы түсініктерін нығайту. Сөздік қорларына «эколог», «экологиялық апат» сөздерін енгізу. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы түсініктерін нығайту. Қоршаған орта, оны қорғау туралы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғауға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Бір-бірін тыңдай білуге, бір-бірінің пікірін құрметтеуге үйрету	1	05.12
26-27	Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі	Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққабаулу.	2	07-12.12
28	Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?	Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау. Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін есте сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мәдениетін дамыту	1	14.12
29	Боран қай кезде соғады?	Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу	1	19.12
30	Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?	Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту. Тірі нысандарға адамгершілік қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу	1	21.12
31-32	Күз және қыс мезгілдеріндегі жабайы жануарлардың тіршілігі.	Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістермен, олардың тіршілігімен таныстыру; жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу	2	26-28.12
33-34	Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері.	Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру. Арнайы көліктердің қызметі туралы айта алу, көліктерді топтай білу, олардың адам өміріндегі маңызы жайлы түсініктерін дамыту. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу	2	09-11.01
35	Қар тоқтату жұмысы	Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың бойында қарапайым ғылыми білім қалыптастыру. Зерттеушілік мінез-құлық мәдениетіне баулу.	1	16.01

36-37	Үй жануарларының қандай пайдасы бар?	Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету. Тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым-қатынас жасауға үйрету	2	18-23.01
38	Өтеш қай кезде шақырады?	Үй құстарының атауларын білу және оларды бір-бірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалдық, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру	1	25.01
39-40	Бөлме өсімдіктері және оларды күту.	Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы); өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу; олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру. Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту. Әңгімеге араласа білуге, өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу; өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру	2	30.01-01.02
41-42	Менің елімнің салт-дәстүрі	Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсаукесер, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру. Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту. Туған халқының дәстүріне деген мақтаныш сезімдерін тудыру. Елінің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу	2	13-15.02
43	Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз?	Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету.	1	20.02
44	Алақай, көктем келді!	Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту. Танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру.	1	22.02
45	Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту.	Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер, оларға күтім жасау жолдарымен таныстыру. Жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат бұрышын мекендейтін жануарларға деген қамқорлық сезімдерін арттыру	1	27.02
46-47	Жаяу жүргінші ережелері	Балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғастыру. Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізу. Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтау, жолда зейінді болу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаға мән бере қарауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу	2	29.02-05.03
48	Ауа не үшін қажет?	Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету	1	07.03
49	Пайдалы қазбалар дегеніміз не?	Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру. Олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай білуге тәрбиелеу.	1	12.03

50	Орман	Қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру. Топпен жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік компетенцияларды дамыту. Туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу	1	14.03
51-52	Жыл мезгілдері: қыс, көктем. Белгілері.	Қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету; осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру. Байланыстырып сөйлеу, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін теңеу сөздерді қолданып сипаттай алу дағдыларын дамыту. Табиғатты сүйуге, қорғауға тәрбиелеу; маусымға сәйкес киініп жүруге, денсаулығын күтуге үйрету	2	19.03-21.03
53	Әскери мамандықтар. Ұлы Отан соғысы ардагерлері	Балаларды әскери мамандық түрлерімен таныстыру, әскери мамандықтар туралы жалпы білім беру. Киімге, қару-жарақ, әскери техникаға қарап, әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту, әскер туралы түсініктерін кеңейту. Әскери мамандықтарға қызығушылықтарын тудыру. Отан қорғаушыларға деген мақтаныш сезімдерін ояту	1	26.03
54	Өсімдіктерді қалай күту қажет?	Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту. Өзімен қатар құрбыларымен достық қарым-қатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу	1	28.03
55	Суда тіршілік ететін жануарлар	Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Төңірегіндегі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.	1	02.04
56	Көктем белгілері	Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. Ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту. Бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту	1	04.04
57-58	Өсімдіктердің көбеюі.	Өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру; тәжірибе жасап, одан қорытынды шығара білуге үйрету; өсімдіктің жемісі, тұқымы туралы түсініктерін қалыптастыру. Тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту. Өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.	2	09-11.04
59	Жантақ қайда өседі?	Балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру. Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін күшейту. Туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеу	1	16.04
60	Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?	Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту. Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту. Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу	1	18.04
61-62	Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері	Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерін білу, оны орындау. Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатқа деген қамқорлықтарын, сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.	2	23.04-25.04
63	Жануарлар жауынан қалай қорғанады?	Балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету.	1	30.04

64	Көктемгі табиғаттың өзгеруі	Балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау. Өзіндік эксперименталды жұмыстар ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін нығайту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	1	02.05
65	Ағаштарды не үшін отырғызады?	Балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту. Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту. Табиғатпен саналы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Зерттеушілік белсенділікке баулу	1	14.05
66	Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген?	Балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Туған өлкені сүйуге тәрбиелеу	1	16.05
67	Табиғатқа қамқор бол	Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу	1	21.05
68	Біз – жас зерттеушіміз	Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту. Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту. Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру	1	23.05

Көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары (2 сағат)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыбы	Міндеттері:	Сағат саны	Күні
1	Білімнің – бұлағың (өлеңмен танысу) Ақылбек Шаяхметов	Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту Балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	1	04.09
2	Кішкентай бағбан (әңгімелеу) Мәдіхат Төрежанов	Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.	1	06.09
3	Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі)	Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	11.09
4	Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау) Мұзафар Әлімбаев	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Сурет бойынша сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл күймен мазмұндау шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойыншықты ұқыпты, таза ұстауға, жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.	1	13.09
5	«Театр әлемінде»	Балаларға театр туралы түсінік беру, қуыршақ театрының түрлерімен таныстыру; балалардың өз ойын айта білуге үйрету, театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру; театр өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	2	18.09- 20.09
6	«Мақтаншақ қоян» ертегісі (киіlmелі қуыршақ театры)	Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін, мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекетін орындай білуге үйрету, шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.	2	25.09- 27.09
7	«Түлкі мен тырна» ертегісі (көлеңке театры)	Көлеңке театры және оған қолданылатын қажетті құралдарды қалай пайдалануын үйрету; сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айтуға, диалогпен сөйлесе білуге дағдыландыру; адамгершілікке, достық қарым-қатынасты бағалай білуге, шығармашылыққа тәрбиелеу	2	02.10- 04.10

8	«Тегін сыйлық» (сахналау)	Балалардың бойында адамгершілік нормаларын қалыптастыру; түрлі эмоцияларды, ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекеттерін қайталап көрсете білуді үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; кейіпкерлердің әрекеттерін сараптап, өздерінің көзқарастарын айта білуге тәрбиелеу	2	09.10-11.10
9	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)	Ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу	2	16.10-18.10
10	Әдептілік әлемі (өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	2	23.10-25.10
11	«Үйшік» (театрландырылған ойын)	Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту, сахналау барысында жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі дауыс күшін қолдана білуді жетілдіру, үйлесімді қимылды дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.	1	06.11
12	«Ақылды лақ» (қуыршақ театры)	Әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің бейнесін бере білуі, өз әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіре отырып, түрлі ырғақта қозғалуды қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	2	08.11-13.11
13	Тәуелсіз Қазақстан (өлеңмен таныстыру) Орақын Асқар	Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге, татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	2	15.11-20.11
14	Мысық, әтеш және түлкі (ертегі)	Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту. Жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу.	2	22.11-27.11
15	«Қойшы, түлкі және аю» (қуыршақ театры)	Үйлесімді қимылды дамыту, әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің эмоциялық бейнесін бере білу, түрлі қуыршақтарды қолданып, олармен ойнау тәсілін игере білуді дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	2	29.11-04.12
16	«Күнді іздеген достар» (сахналау)	Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау, кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл күйлерін білдіре, сезіндіріп көрсету, рөлдерін дұрыс орындауын қадағалау, ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету, сөздерді анық, дұрыс айтуға, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру; достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	2	06.12-11.12
17	Жақсы мен жаман (өлеңді жаттау)	Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.	2	13.12-20.12

	Рақым Тышқанбаев	Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу		
18	Жаңа жыл келді (өлеңді жаттау) Сағи Жиенбаев	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту. Ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	2	25.12- 27.12
19	«Шұбар тауық» (театрлан-дырылған ойын)	Театрландырылған қойылым арқылы балалар тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу, ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету, адамгершілікке, қайырымды болуға тәрбиелеу.	2	08.01- 10.01
20	Қарлығаш пен дәуіт (сахналау)	Сахнада еркін қимылдап, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету, театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.	2	15.01- 17.01
21	Бір уыс мақта (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин	Әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу. Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	2	22.01- 24.01
